

**6D 020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Актанова Шолпан  
Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хэмингуэй шығармаларындағы  
танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациясына  
шетелдік ғылыми кеңесшінің**

**ШКІРІ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Диссертациялық жұмыста қазақтың классик жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Нобель сыйлығының иегері классик, америкалық жазушы Эрнест Миллер Хемингуэйдің шығармаларындағы танымдық және көркемдік үндестік мәселесін салыстырмалы әдебиеттанулық зерттеулер аясында қарастырған.

Диссертант Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хэмингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациясын қазіргі әдебиеттанулық зерттеулер негізінде жасалған тың деректер мен талдаулар жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы деп айтуға болады.

Диссертациялық жұмыстың «М. Әуезов пен Э. Хэмингуэй шығармаларындағы адам және табиғат концептісі» деген алғашқы тарауы үш бөлімнен тұрады. «Көркем әдебиеттегі концептілердің ғылыми-теориялық негіздері» деген бөлімінде ізденуші әдебиеттану саласындағы концептілік категорияның зерттелуі мен ғылыми-әдіснамалық негіз болатын ғылыми еңбектерді саралап, талдап, өз ой-түйіндерін жасаған. Концептілердің макро және микро категорияларына берілген ғылыми-теориялық анықтамаларды дәйектеп көрсеткен.

«М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам концептісі», «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығындағы табиғат концептісі» деген бөлімдерде екі жазушының шығармаларындағы табиғат пен адам концептілерінің макро және микроконцептілерге жіктеп, талдап, нақтылы мысалдармен көрсеткен. Сонымен қатар, ізденуші үнемі екі жазушының рухани үндестігі мен танымдық сәйкестіктерін дәлелді түрде көрсетіп отырған.

Екінші тарау «М. Әуезов пен Э. Хэмингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» деп аталып, «М. Әуезов және Э. Хемингуэй шығармаларындағы жалпы адамзаттық құндылықтар», «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығында кейіпкер бейнесін сомдаудағы психологизм», «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылығында көркемдік таным үйлесімділігі» деген бөлімдерді қамтиды.

Ұлы Абайдың рухани ізгілік жолынан бастау алған тұлға ретінде Мұхтар Омарханұлы Әуезов өз шығармашылығы арқылы адамгершіліктің ерекше үлгісін көрсетті. Америкалық жазушы Эрнест Миллер Хемингуэй шығармаларындағы адамдар арасындағы рухани байланыс мәселесі жалпы адамзат мәселесімен ұштасқаны белгілі.

Зерттеуші жазушылардың шығармаларындағы адам болмысы арқылы екі қоғамдық ортадағы адам табиғатын саралай отырып жалпы адамзат үшін қажетті құндылықтарды көркем психологизм арқылы дәлелдей отырып талдаған.

Екі классиктің шығармаларындағы таным үндестігін негізі болып тұрған қарапайым адамдардың қарапайым қарым-қатынасы отбасылық байланыстан басталатынын дәйектеп, ер азамат, әйел адам, бала бейнелерінің қоғамдық және әлеуметтік сипаттары талданған. Әсіресе әйел адамның екі жазушыдағы көркем бейнесі психологизм негізінде талданып, кейіпкерлердің ішкі дүниетанымына және қоғамдағы орнына назар аударылған.

Жаһандық интеграция заманында салыстырмалы түрде алынып, екі жазушының шығармаларындағы концептілік мағыналарды ашуға бағытталған зерттеу өзінің өзектілігі мен заманауилығын айқындайды.

**Зерттеу пәні.** Екі классик жазушының шығармаларындағы адам мен табиғат концептісін салыстырмалы әдебиеттану және әдебиеттегі концептілік категориялар аясында саралау, талдау.

**Зерттеу нысаны.** М. О. Әуезовтің прозалық мұрасы мен Э. М. Хемингуэйдің шығармаларындағы адам мен табиғат концептілерінің рухани танымдық және үндестік мәселесі сараланып берілген.

**Зерттеудің мақсаты.** Классик жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен америкалық жазушы Эрнест Миллер Хемингуэй шығармаларындағы адам мен табиғат концептілерінің рухани, танымдық, көркемдік үндесу негізі анықталып, концептілік тұжырымдар жасалған.

**Қойылған мақсаттарға сәйкес төмендегідей міндеттер орындалған:**

- М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам болмысы категориясы көркемдік сана қалыптасуы мен танымдық-психологиялық, бағытта анықталған;
- М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы адам мен табиғат суреттерін берудегі макро және микроконцептілерін жазушылардың дүниетанымдары арқылы дәйектелген;
- М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы тартыс, сюжеттік желі, кейіпкер болмысы, жазушы шешімі және тағы да басқа осы сияқты теориялық материалдарды талданып, екі жазушының ерекшеліктері сараланған;
- М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы сюжет пен жазушы көзқарасы көркемдік, қоғамдық, психологиялық, философиялық тұрғыда талданып, қорытындылар жасалған;
- М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы тарихи таным мен көркемдік ара жігін ашып көрсету арқылы жалпы адамзат қоғамының өсу жолын талдаған.

**Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері**

Диссертациялық еңбекті жазу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері ғылыми әдіснамалық негіз ретінде алынған. Олар: А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, Б. Майтанов, Ж. Дәдебаев, Ө. Әбдиманұлы, Х. Әбжанов, Г. Пірәлі, А. Темірболат, М. Маданова,

Қ. Рысберген, Б. Аташ, Б. Нұрдәулетова, А. Әмірбекова, Ж. Сүлейменова сынды отандық ғалымдармен және М. Бахтин, А. Аскольдов, В. Маслова, Д. Лихачев, Ю. Лотман, В. Карасик, Г. Слышкин, Л. Миллер, И. Тарасова, Л. Витковская, Е. Лозинская, В. Зусман, М. Тернер, Ю. Степанов, Н. Володина, Л. Гинзбург т.б. шетелдік зерттеушілер. Сонымен бірге энциклопедия, түсіндірмелі, аударма, салааралық терминдер сөздігіндегі анықтамаларға сүйенген.

**Зерттеудің әдістері.** Диссертацияда жүйелік-хронологиялық, аналитикалық талдау, ғылыми тұжырымдарды саралау, жинақтау, сипаттау, интерпретациялық және қорытындыларды негіздеу сияқты әдіс-тәсілдері қолданған.

**Зерттеу материалдары мен дереккөздері.** Диссертант зерттеу барысында тақырып пен алға қойылған мақсатқа байланысты адам және табиғат концептілік категорияларына байланысты ғылыми еңбектерді саралап, М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларынан нақтылы мысалдар теріп, оларды теориялық тұрғыда талдаған. Жүйелі түрде жасалған териялық талдау арқылы жазушылардың шығармаларындағы концептілік категориялары макро және микроконцептілер деп жіктеп, нақтылы дәлелдер келтірген.

М. О. Әуезов шығармашылығын зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі ғылыми-теориялық тұжырымдар мен жазушы шығармашылығындағы ерекшелік туралы талдаған зерттеулердің негізінде автор өз ой-тұжырымдарын жасаған.

Э. Хемингуэй шығармаларындағы тарихи және авторлық ұстаным оның шығармашылығындағы «айсберг теориясы» ұғымы да біршама талданып, ерекшелігі мен өзіне ғана жазу мәнері сараланып, нақтылы мысалдармен көрсетілген.

Екі классик жазушының шығармаларындағы үндестік пен олардың танымдық ұқсастықтары жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде талданған. Екі қоғамдық ортада өмір сүрген жазушылардың жалпы адамзат проблемасы мәселесіне келгенде өзара үндесіп, ал ұлттық дүниетаным тұрғысынан саралағанда олардың өздеріне ғана қолтаңбалары бар екені айқындалған. Жалпы зерттеу барысында диссертант нақтылы мысалдар мен дәйекті дәлелдер келтіріп отырған.

**Ғылыми нәтижелердің жанашылдық дәрежесі мен жағдайы.** Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы Мұхтар Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармашылықтарындағы қаламгерлік психология мен ішкі драматизмнің әсерін айқындап, образ сомдаудағы, сюжет құрудағы, жанрлық, стильдік, танымдық ерекшеліктерін айқындағаны деуге болады.

- М.Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы психологизм арқылы көрінетін көркемдік шындық анықталды.
- М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы макро және микро концептілер анықталып, олардың көркем бейне жасаудағы рөлі сараланды;

- М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармаларындағы «әйел» мен «бала» образдарының ерекшеліктері мен жасалу тәсілдері сараланып, олардың шығарма сюжетіндегі орындары айқындалды;
- М. Әуезов және Ә. Хемингуэй шығармаларындағы экзистенциалистік суреттер арқылы өрілген жазушы идеясы дәйектелді;
- М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармаларындағы тарихи деректерді жинақтай отырып, көркем бейнелердегі шынайылық туралы қорытындылар жасалып, тарихи таным мен көркемдік ара жігі ашып көрсетілді.
- М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармаларындағы экзистенциалистік суреттер арқылы адам жанының рухани экологиясы мәселесі дәйектелді.

**Зерттеу гипотезасы.** Қазақ әдебиетінде алғаш рет М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармалары салыстармалы түрде талданып, олардың адам және табиғат туралы жасаған негізгі түйінді идеялары сараланды. Екі жазушының шығармаларындағы кейіпкер болмысы мен автор ұстанымы да алғаш рет дәйектеліп берілді.

#### **Қорғауға енгізілген қағидалар.**

- М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармаларындағы адам концептісі – макро және микроконцептілері негізінде олардың қоғамдық ортадағы орындарын сараланды;
- М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармаларындағы тарихи фактілер қаламгер қиялы арқылы саналы және бейсаналы түрде өзгеріске түсіп жазушы идеясын ашуда қолданылатыны дәлелденді;
- М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй және көркемдік шындық мәселесіне байланысты жазушының шығармашылық психологиясының көріну сипаты талданды;
- М. Әуезов пен Ә. Хемингуэйдің тарихи тағдырлары мен шығармашылық тағдырларындағы қоғамдық орта әсері мен кейіпкер сомдаудағы ерекшеліктері сараланды;
- М. Әуезов пен Ә. Хемингуэйдің жеке өмірлеріндегі әртүрлі тартыстардың нәтижесінде дүниеге келген автор ұстанымы алғаш рет теориялық тұрғыда талданды.

**Алынған нәтижелердің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы есепті шешуге бағытталуы.**

Ш.С. Актанованың «М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі аясында алынған нәтижелелер салыстырмалы әдебиеттану, әдебиеттегі концептік категориялар мәселелерін зерттеу барысында әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселе ретінде басқа да зерттеулерге негіз бола алады.

#### **Зерттеудің теориялық маңызы.**

Зерттеу барысында қазақ әдебиетінде енді ғана қолға алынып зерттеле бастаған концептілік теориясы мен салыстырмалы әдебиеттану мәселесінің бір қарағанда бір-біріне ұқсамайтын жазушылар шығармашылығы негізінде алынып жалпыадамзаттық мәселелермен үйлесе берілуі сәтті шыққан деуге

болады. Ш.С.Актанованың зерттеуіндегі әдеби-теориялық талдаулар оның теориялық маңыздылығын айқындайды.

#### **Зерттеудің практикалық маңызы.**

Зерттеу жұмысының нәтижелерін салыстырмалы әдебиеттану, әдебиет теориясы пәндері бойынша ЖОО оқытылатын курстарда дәрістерге қолдануға болады.

**Ізденушінің диссертацияда жасаған әрбір ғылыми нәтижесінің (ғылыми түйіндерінің), тұжырымдарының және қорытындысының негіздемелік және шынайылық дәрежесі.**

Ш.С. Актанованың «М. Әуезов пен Э. Хэмингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында тиісті дәлелдер мен қорғауға ұсынылған тұжырымдар берілген. Тұжырымдар мен зерттеу нәтижелерінің негіздемелігі мен шынайылығы ізденуші қолданған ғылыми әдіс-тәсілдер кешенімен және теориялық талдамаларымен түсіндіріледі.

**Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.** Зерттеу барысында отандық және шетелдік әдебиеттану ғылымының әдіснамалық бағыттағы іргелі зерттеулердің тұжырымдамалары басшылыққа алынған.

Диссертациялық еңбектің бөлімдері өзара байланысты және бір-бірін қайталамайды, өзара мазмұндық бірлігі сақталған. Зерттеу нәтижелері мен ғылыми тұжырымдар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толықтай сай келеді.

**Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті, толықтығына анықтама.**

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытынды тұжырымдары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялардың материалдар жинағында 8 мақала жарияланды. Соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 6 мақала жарық көрді.

#### **Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Ш.С. Актанованың диссертациялық еңбегінде орфографиялық және пунктуациялық қателер кездеседі. Аталған ескертулер зерттеудің теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді, зерттеудегі ғылыми-теориялық бастамалар болашақ зерттеулерге негіз болады деп саналады.


**Диссертация мазмұнының «Ғылыми дәрежелер беру Ережелері» талаптары аясына сәйкестігі.**

Диссертация тақырыбының өзектілігін, жұмыстың ғылыми жаңалығын және теориялық, практикалық маңыздылығын ескере отырып, бD 020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хэмингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациясын толық аяқталған, ғылыми жаңалығы негізделген зерттеу жұмысы ретінде ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі, Білім беру және ғылым саласындағы Бақылау Комитетінің

«Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келеді және автор Актанова Шолпан Советовна философия докторы Ph.D ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Пікір білдіруші:**

**Шетелдік ғылыми кеңесші  
Түркия Республикасы,  
Памуккале университеті,  
Қазіргі түркі тілдері мен  
әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі,  
профессор, PhD доктор**



**14.11.2023  
Нергис БИРАЙ**